

## **Alstom компаниясы және Сауда және интеграция министрлігі ынтымақтастықтың жаңа бағытын анықтады**

Оқшаулауды және Қазақстаннан экспорттауды кеңейту үшін мүмкіндіктерді іздеуге шоғырландыру

**2021 жылғы 5 қазан** – Alstom компаниясы Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігімен Өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды. Меморандумға сауда және интеграция министрі Бақыт Сұлтанов және Alstom компаниясының Африка, Таяу Шығыс және Орталық Азия бойынша президенті Эндрю ДеЛеоне қол қойды. Қол қою салтанаты Қазақстанның Франциядағы Елшілігінің қолдауымен Парижде өтті.

Құжатта ынтымақтастықтың негізгі бағыттары, атап айтсақ, жоғары технологиялық бөлшектер мен компоненттерді өндіруге байланысты жергілікті әлеуетті арттыру бағыттары анықталған. Өзара түсіністік туралы меморандумда сондай-ақ Қазақстанның төмен көміртекті экономикаға ауысу және елдегі тұрақты жұмылғыштық инфрақұрылымын жасау үдерісін сүйемелдеу бойынша өзара әрекеттесу қарастырылады.

*«Бүгін біз Франциядағы ғана емес, сондай-ақ бүкіл әлемдегі көшбасшы Alstom компаниясымен арадағы Меморандумға қол қойдық. Біз Нұр-Сұлтан қаласында орналасқан зауытта шығарылған өнімдерді алыс және жақын шетелде ілгерілету үшін ынтымақтастық етуге уағдаластық. Сондай-ақ біз өндірістегі жергілікті қамтуды арттырудың ықтимал жолдарын талқылауды жалғастыруды жоспарлаудамыз. Бүгінгі күні осы зауыттың оқшаулануы шамамен 40% құрайды. Бұл көрсеткішті металл, пластик, сондай-ақ электртехникалық өнімнің қазақстандық өндірушілерінің есебінен ұлғайтуға болады. Әрине, осының есебінен өнімнің құны төмендеп, бәсекелестік артатын болады», - деп Сауда және интеграция министрі Бақыт Сұлтанов атап өтті.*

*«Біздің компаниямыз Қазақстанмен арада орнатылған серіктестік қарым-қатынасты жоғары бағалайды және бүгінгі күні өзара тиімді мүмкіндіктерді іздеуді жалғастыруға дайын. Біз жергілікті техникалық шешімдердің дамуын және Қазақстандағы экспорттық әлеуеттің ұлғаюын тәбетсіздене күтудеміз. Құнды жасау тізбегінде Alstom компаниясы көміртектің атмосфераға шығуының төмендеуін қамтамасыз етеді және біз өзіміздің тапсырыс берушілерімізді көміртегісіз болашаққа деген жолында қолдау көрсету мүмкіндігін қуана пайдаланамыз,» - Alstom компаниясының Африка, Таяу Шығыс және Орталық Азия бойынша президенті Эндрю ДеЛеоне сөз сөйледі.*

Қазақстанда Alstom компаниясының 950-ден астам қызметкерден тұратын штаты, үш депо, екі зауыты және сервистік орталығы бар. Бір зауыт – ЭКЗ Нұр-Сұлтан қаласында орналасқан, электровоздарды өндірумен және қызмет көрсетумен айналысады, ал екінші – КЭП Алматы қаласында орналасқан, нұсқарлы жетектерді өндіреді. Alstom компаниясы елдің көліктік саласын дамытуға және оны экономикалық дамытуға үлкен үлес қосуда.

**Alstom  
компаниясы  
туралы**

Көмірқышқыл газ шығарындыларының төмен деңгейін қамтамасыз етуге ұмтылатын Alstom компаниясы болашақ көліктік тасымалдар үшін тұрақты негізді қалыптастыратын ұтқыр шешімдерді қабылдайды және жүзеге асырады. Alstom өнімдерінің портфеліне жоғары жылдамдықты пойыздар, метро, монорельстік көлік, трамвайлар, сондай-ақ интеграцияланған жүйелер, мамандандырылған қызметтер, инфрақұрылым, орталықтандыру жүйелері және цифрлық мобильді шешімдер кіреді. Бүкіл әлемде Alstom өндірген 150 000 көлік құралы коммерциялық тұрғыда пайдаланылады. 2021 жылғы 29 қаңтарда Bombardier Transportation сатып алғаннан бастап Топтың жиынтық пайдасы 2021 жылғы 31 наурызда аяқталатын 12 ай ішінде 14 млрд евроны құрайды. Бас кеңсесі Францияда орналасқан Alstom компаниясының 70 елде өкілдері бар, ал штатында 70 000 қызметкер бар, [www.alstom.com](http://www.alstom.com).

**Байланыс**

**БАҚ үшін:**

Зәуре ШУБАЕВА - Tel.: +7 701 889 3345  
[zaure.shubayeva@alstomgroup.com](mailto:zaure.shubayeva@alstomgroup.com)